




БЕКІТЕМІН
«СКМА» АҚ ректоры
Д.С. Сейтжанова
03 2026 ж.

КІРМЕ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ БАР-ЖОҒЫН ТЕКСЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Е 455-2026


Күні	Көшірмесі	Басылым
		Бесінші

Шымкент қ.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 455-2026
Кіріме материалдардың бар-жоғын тексеру тәртібі туралы Ереже		5-ші басылым 12 беттің 2 беті


1. АҚ «ОҚМА» Ғылыми жұмыстар бөлімі **ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.** Хаттама № 5 «20» 02 2026 ж.
2. АҚ «ОҚМА» Сапа бойынша Кеңестің шешімімен **БЕКІТІЛГЕН.** Хаттама № 4 «26» 03 2026 ж.

Кезеңдік тексеру мерзімі - 3 жыл

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКАЯ МЕДИЦИНСКАЯ АКАДЕМИЯ»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі Кіріме материалдардың бар-жоғын тексеру тәртібі туралы Ереже		Е.455-2026 5-ші басылым 12 беттің 3 беті

МАЗМУНЫ

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР	4
3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
4 ЖАЛПЫ ТЕКСЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ	6
5 ЖАЗБАША ЖҰМЫСТАРДЫ ТЕКСЕРУ ТӘРТІБІ.....	9
6 ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....	9
7 ЖАУАПКЕРШІЛІК.....	10
7 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ	10

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі	Е 455-2026
Кірме материалдардың бар-жоғын тексеру тәртібі туралы Ереже	5-ші басылым 12 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ережеде мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:


- Білім туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы;
- «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 бірлескен бұйрығы;
- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V ҚРЗ;
- Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 10 маусымдағы N 6-I Заңы;
- «Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы;
- Ғылым және технологиялық саясат туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ;
- «ОҚМА» АҚ академиялық саясаты АС 101-2024;
- Академиялық адалдық кодексі К 121-2023;
- «ОҚМА» АҚ-да жасанды интеллект және цифрлық технологияларды қолдану ережесі Е 507-2026;
- ҚР қолданыстағы заңнамасымен және «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ өзге де ішкі нормативтік құжаттары.

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР, БЕЛГІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде мынадай терминдер, анықтамалар, қысқартулар және белгілер қолданылады:

Плагиат – біреудің идеяларын немесе өнертабыстарын және басқа тұлғалардың шығармашылық туындысын өз атынан жариялау, авторлық құқықты қасақана иемдену.

Көшіріліп алынған мәтін- түпнұсқаға өзгертулер енгізбестен басқа автордың мәтінінің бір бөлігін өз мәтініне енгізу.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі	Е 455-2026
Кіріме материалдардың бар-жоғын тексеру тәртібі туралы Ереже	5-ші басылым 12 беттің 5 беті

Мәтіннің түпнұсқалығы - бірегей элементтер санының (сөздер, сөз тіркестері) барлық элементтерге қатынасы.

Антиплагиат - құжаттардың жарияланған көздерден заңсыз көшіруін тексеруге арналған ақпараттық жүйе.

Ғылыми жұмыстар бөлімі қызметкері - антиплагиат жүйесін басқаруға жауапты ЖОО қызметкері.

Жауапты тұлға - өз кафедрасы шегінде қызметті үйлестіруді жүзеге асыратын Антиплагиат жүйесін пайдаланушы тұлға.

Академиялық адалдық - бұл білім беру, білім алу мен ғылыми жұмыс барысында шынайылық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын сақтай отырып, сыбайлас жемқорлықты алдын алуды, болдырмауды қамтамасыз етеді.

Академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидааттары:

- адалдық – пара алмау, жалған ақпарат бермеу;
- әділдік – барлыққа тең мүмкіндік беру, таныстықпен артықшылық жасамау;
- жауапкершілік – өз әрекетіне есеп беру, заң мен ережені сақтау;
- сенім – қоғамда және оқу орнында сенімді орта қалыптастыру;
- құрмет – басқалардың құқығы мен еңбегін бұзбау;
- ашықтық – шешімдер мен бағалаудың айқын болуы.

Жасанды интеллект – адамның интеллектуалдық қызметінің нәтижелерімен салыстырылатын немесе олардан асып түсетін нәтижелерді қамтамасыз ететін, адамға тән когнитивті функцияларды имитациялай алатын функционалдық қабілет.

Жасанды интеллект жүйесін пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін жасанды интеллект жүйесін пайдаланатын адам.

Жасанды интеллект жүйесі қызметінің нәтижесі – ұсынылу нысанына қарамастан, ақпарат, шешім немесе жасанды интеллект жүйесі өндіретін жұмыстарды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді қоса алғандағы әрекеттер.

ЖОО - жоғары оқу орны.

«ОҚМА» АҚ - "Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы" Акционерлік қоғамы.


НҚА-нормативтік-құқықтық актілер.

ПОҚ-профессорлық-оқытушылық құрам.

ЖИ-жасанды интеллект.

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

3.1 Осы Ереже «ОҚМА» АҚ студенттерінің, магистранттарының, интерндерінің, резиденттерінің және докторанттарының жазбаша жұмыстарында, орындаған диссертациялық/дипломдық жұмыстарында, кітап басылымдары мен жарияланымдарда, сондай-ақ «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімшелері қызметкерлері орындаған ғылыми-зерттеу жұмыстары туралы

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 455-2026
Кірме материалдардың бар-жоғын тексеру тәртібі туралы Ереже		5-ші басылым 12 беттің 6 беті

есептерінде жарияланған көздерден заңсыз кірме материалдардың бар-жоғын тексеру тәртібін айқындайды.

3.2 Ереже оқу, ғылыми - зерттеу жұмыстарын орындаудың дербестігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге, білім алушылардың шығармашылын ынталандыруға, сондай-ақ қызметкерлердің жаңа білім алуы мен қолдануына, азаматтар мен заңды тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын сақтауға бағытталған білім беру және ғылыми қызметті ұйымдастыру сапасы мен тиімділігін арттыру мақсатында енгізіледі.

3.3 Ереже кафедралардың, ғылыми және өзге де құрылымдық бөлімшелердің, «ОҚМА» АҚ оқитын ғылыми-педагогикалық қызметкерлердің қолдануы үшін міндетті.

4 ЖАЛПЫ ТЕКСЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

4.1 Жұмыстарда заңсыз алынған материалдардың бар-жоғын тексеру «Антиплагиат.ВУЗ» жүйесі (бұдан әрі – Антиплагиат) арқылы жүзеге асырылады.

4.2 «ОҚМА» АҚ-да академиялық адалдықты қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне және «ОҚМА» АҚ-ның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес, жазбаша және ғылыми жұмыстардың барлық түрлері (эссе, курстық, дипломдық, диссертациялық жұмыстар/жобалар, монографиялар, мақалалар, тезистер, ғылыми-әдістемелік ұсынымдар/кұралдар), сондай-ақ оқу-әдістемелік басылымдар (оқулықтар, оқу құралдары, әдістемелік ұсынымдар, оқу-әдістемелік құралдар) (бұдан әрі – жұмыстар) міндетті түрде тексерілуге жатады.


4.3 Жұмыста алынған материалдар мен плагиаттың болуына жұмыс авторы (авторлары) жауапты. Барлық авторлар жұмыс үшін тең дәрежеде жауапты болады.

4.4 «ОҚМА» АҚ-да академиялық адалдықты қамтамасыз ету және ғылыми, оқу жұмыстарының сапасын арттыру мақсатында алынған материалдардың болуын тексерудің келесі қағидалары белгіленген:

4.4.1 Білім алушылар үшін: білім алушылардың қорытынды аттестаттау жұмыстарын тексеру кафедра отырысы хаттамасының үзіндісі негізінде алғаш рет тегін жүргізіледі. Қайталама тексеру тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

4.4.2 Профессор-оқытушылар құрамы (ПОҚ) үшін: профессор-оқытушылар құрамының ғылыми, оқу және әдістемелік материалдарын тексеру алғашқы жүгінген кезде де, қайталама тексерулер кезінде де тек ақылы негізде жүргізіледі. «ОҚМА» АҚ қызметкері немесе білім алушысы болып табылмайтын тұлғалардың жұмыстарын тексеру тек ақылы негізде жүзеге асырылады.

4.4.3 Кафедра отырысының шешімі (хаттамадан үзінді) бойынша жұмыстың түпнұскалық деңгейі және жұмысты тексеруге қайта жіберу мәселелері қарастырылады, сондай-ақ төлем түбіртегі талап етіледі. «ОҚМА» АҚ ПОҚ-ы

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA АКАДЕМИАСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі	Е 455-2026
Кіріме материалдардың бар-жоғын тексеру тәртібі туралы Ереже	5-ші басылым 12 беттің 7 беті

мен білім алушылары жұмыстарды ақылы негізде сынақтан өткізу (байқау ретінде тексеру) мүмкіндігіне ие. Ақылы (сынақ) тексерулердің құны А қосымшасында көрсетілген.

4.5 Антиплагиат жүйесімен тексеруге жұмыстарды өткізу мерзімдеріне қойылатын талаптар тиісті нормативтік құжаттармен (ережелер, қағидалар) айқындалады.

4.6 Антиплагиат жүйесін қолдана отырып тексеруге өткізілген жұмыстар тапсырылған күннен бастап 5 жұмыс күнінен аспайтын мерзімде тексеріледі.

4.7 Егер жұмыс түпнұсқалық критерийлеріне және жасанды интеллектіні (бұдан әрі – ЖИ) қолдану шегіне сәйкес келсе, ол оң нәтижемен өткен болып есептеледі.


4.7.1 Төл мәтіннің түпнұсқалық критерийлері:

- бакалаврлардың дипломдық/курстық жұмыстары (соның ішінде қолданбалы) – 60%-дан кем емес;
- магистрлік диссертациялар/жобалар – 70%-дан кем емес;
- докторлық диссертациялар – 80%-дан кем емес;
- ПОҚ пен білім алушылардың ғылыми жұмыстары/жобалары (байқауларға ұсынылатын) – 70%-дан кем емес;
- ғылыми басылымдарда жариялау үшін ұсынылатын ғылыми жұмыстар – 75%-дан кем емес;
- конференция материалдарында жариялау үшін ұсынылатын ғылыми жұмыстар – ұйымдастырушылар белгілеген шарттарға сәйкес, бірақ 70%-дан кем емес;
- оқу/ғылыми-әдістемелік басылымдар – 70%-дан кем емес.

Ескертпе: Барлық жоғарыда аталған жұмыстардың қорытындылары мен тұжырымдарында мәтіннің түпнұсқалығы 80%-дан кем болмауы тиіс, сонымен қатар тұтас бір сөйлем плагиат болмауы керек.

4.7.2 ЖИ қолданудың рұқсат етілген көлемі: жұмыстың барлық түрлерінде генеративті ЖИ-ді 20%-дан аспайтын көлемде қолдануға рұқсат етіледі, бұл ретте осы ереженің 4.15-тармағына сәйкес ЖИ-ді қолдану фактісі міндетті түрде декларациялануы және жұмыстың жалпы түпнұсқалық пайызы сақталуы тиіс. ЖИ тек техникалық редакциялау немесе құрылымдау құралы ретінде қарастырылады және ол автордың жеке үлесін алмастыра алмайды.

4.8 Құқықтық негізде алынған материалдар көлеміне мекемелердің, мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының атауларын; НҚА-ға сілтемелерді; заң мәтіндерін; әдебиеттер тізімін; қайталауларды, соның ішінде жиі кездесетін тұрақты тіркестер мен заң терминдерін; талдау жасау үшін құжаттардан алынған үзінділерді, сондай-ақ өзіндік дәйексөздерді (самоцитирование) және т.б. қолдану жатады. Нормативтік-құқықтық құжаттарды, бухгалтерлік есептілікті, ғылымның методологиялық мәселелерін, терминология мен анықтамаларды талдауды қажет ететін, құрамында плагиат анықталған жұмыстар кафедра отырысы хаттамасының үзіндісімен негізделеді.

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі	Е 455-2026
Кірме материалдардың бар-жоғын тексеру тәртібі туралы Ереже	5-ші басылым 12 беттің 8 беті

4.9 Жұмысты түзету және тексеру рәсімдерін бұрмалауға жол бермеу регламенті: тексеруден өтпеген жұмыс авторлары оны қайта өндеуде келесілерге құқылы:

- ЖИ бойынша: Егер ЖИ жүйелерінен алынған материалдардың үлесі 20%-дан 50%-ға дейін болса, жұмыс міндетті түрде қайта өндеуге жіберіледі;

- манипуляцияларға тыйым салу: Жұмысты өндеу кезінде Антиплагиат жүйесінің тексеру рәсімдерін бұрмалауға бағытталған өзгерістер енгізуге (әріптерді ауыстыру, көрінбейтін белгілерді қолдану және т.б.) тыйым салынады. Мұндай бұзушылықтар (тексеру рәсімдерін бұрмалау әрекеті) анықталған жағдайда, білім алушы «ОҚМА» АҚ-ның академиялық адалдық саясатын бұзғаны үшін қайта қабылдану құқығынсыз оқудан шығарылады.

4.10 Қайталама тексерулер кезінде (ЖИ немесе плагиат шегінен асу, тексеру рәсімдерін бұрмалау жағдайларын қоса алғанда) үшінші рет теріс қорытынды алынған жағдайда, білім алушылардың қорытынды аттестаттау жұмыстары қорғауға (алдын ала қорғауға, байқауға қатысуға, жариялануға) жіберілмейді. Егер жазбаша жұмыс оқу-әдістемелік басылым түрінде ұсынылса, оны одан әрі қарастыруға және тексеруге жол берілмейді.

4.11 Оқу және ғылыми жұмыстар мазмұнының сапасы үшін жауапкершілік авторларға, ғылыми жетекшілерге және білім алушыларға жүктеледі. Автор ЖИ тарапынан жіберілген кез келген нақты немесе логикалық қателер үшін дербес жауапты болады. ЖИ қолдану жалған ақпарат анықталған жағдайда ақталуға негіз бола алмайды.


4.12 Жұмыс мәтіні DOCX (Microsoft Word) немесе PDF форматында ұсынылуы тиіс. Электрондық файлдың атауында автордың аты-жөні және тексерілетін жұмыстың түрі (оқулық, оқу-әдістемелік құрал және т.б.) көрсетілуі қажет.

4.13 Жазбаша жұмыстардың түпнұсқалығын тексеру тек «ОҚМА» АҚ-да қолданылатын Антиплагиат жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Басқа жүйелерден (соның ішінде коммерциялық немесе көпшілікке қолжетімді онлайн-сервистерден) алынған анықтамалар немесе есептер жарамсыз деп танылады және қабылданбайды.

4.14 Тексерушінің өкілеттігі: тексеруді жүзеге асыратын қызметкердің жұмысты қайта тексеруге және соңғы қорытынды шығаруға шексіз құқығы бар. Егер ЖИ-ді орынсыз пайдалану белгілері (ЖИ немесе плагиат шегін асу, тексеру рәсімдерін бұрмалау әрекеттері) анықталса, тексеруші формальды көрсеткіштер калыпты шеңберде болса да, жұмысты қанағаттанарлықсыз деп тануға құқылы.

4.15 Жасанды интеллектіні қолдануды міндетті түрде декларациялау: генеративті ЖИ құралдарын пайдаланған кезде автор бұл туралы жұмыс мәтінінде ашық мәлімдеуге міндетті:

- ЖИ пайдалану туралы мәліметтер жұмыстың соңында (қорытындыдан кейін немесе әдебиеттер тізімінің алдында) көрсетіледі;

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		E 455-2026
Кіріме материалдардың бар-жоғын тексеру тәртібі туралы Ереже		5-ші басылым 12 беттің 9 беті

- декларацияда ЖИ моделінің атауы (мысалы, ChatGPT-4, Gemini және т.б.) және оны қолдану сипаты (мысалы, «ЖИ ағылшын тілінен техникалық терминологияны аудару үшін қолданылды» немесе «ЖИ кіріспе бөлімінің стилистикалық оңделуі үшін пайдаланылды») көрсетілуі тиіс;
- ЖИ пайдалану фактісін жасыру немесе ЖИ жүйелерінен алынған материалдардың үлесі 50%-дан жоғары болу академиялық адалдық нормаларын бұзу ретінде саналады және тәртіптік шараларға (сөгіс, қатаң сөгіс, оқудан шығару) әкеп соғады.

5 ЖАЗБАША ЖҰМЫСТАРДЫ ТЕКСЕРУ ТӘРТІБІ

5.1 Кіріме материалдардың (плагиаттың) бар-жоғын тексеруді мыналармен қамтамасыз етеді:

- кафедраның жауапты тұлғасы;
- ғылыми жұмыстар бөлімінің қызметкері.

Жұмыстарды қабылдауды және кіріме материалдардың бар-жоғын тексеру үшін ғылыми жұмыстар бөліміне жіберуді жүзеге асыратын плагиатқа қарсы жүйе үшін жауапты тұлғаны кафедра меңгерушісі анықтайды.

Жұмыстарды тексеруге жауапты қызметкерді ғылыми жұмыстар бөлімі меңгерушісі анықтайды.

5.2 Плагиатқа қарсы жүйені пайдалана отырып тексеруге арналған жұмыстар электрондық түрде DOC, docx, PDF форматтарында пошта арқылы тапсырылады antiplagiat.skma@mail.ru немесе электронды тасымалдағышта көлемі 20 Мб-тан асатын файлдарды мұрағаттау арқылы тапсырылады.

5.3 Жұмыстарды антиплагиат жүйесі бойынша тексеруге уақтылы ұсыну үшін жауапкершілік, кафедраның жауапты тұлғасына жүктеледі.


6 ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 Осы ереженің талаптарын сақтау үшін жауапкершілік «Кіріме материалдардың бар-жоғын тексеру» ережесін қолдана отырып, жазбаша жұмыстарға тексеру жүргізуді жүзеге асыратын білім алушыларға, кафедраның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне жүктеледі.

6.2 «ОҚМА» АҚ қызметкерлері ережеде белгіленген академиялық нормаларын талапқа сәйкес сақтауға міндетті.

6.3 Плагиаттың рұқсат етілген пайызынан асып кеткен жағдайда, автор кіріме материалдардың бар-жоғын тексеру жүйесінде қорытынды аттестациялық жұмысын екі рет тексеруге құқылы.

6.4 Ғылыми жұмыстар бөлімі қызметкері (антиплагиат жүйесі бойынша жауапты) 30 күнтізбелік күн ішінде автор сертификат алғаннан кейін жұмыстарды қайта тексеруге құқылы.

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA АКАДЕМИЯСЫ «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 455-2026
Кіріме материалдардың бар-жоғын тексеру тәртібі туралы Ереже		5-ші басылым 12 беттің 10 беті

6.5 «ОҚМА» АҚ-ның кез келген қызметкері (оның лауазымына, құзыреттілігіне қарамастан) білім алушылармен әріптестері арасында, академиялық адалдық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін қалыптастыруға және сол қағидаттарды қатаң ұстануға міндетті.

6.6 Қызметкер жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдануға қатысты ішкі нормативтік құжаттардың талаптарын, соның ішінде оларды қауіпсіз, этикалық және жауапты пайдалану қағидаттарын сақтауға міндетті.

7 ЖАУАПКЕРШІЛІК

7.1 Осы Ережеде белгіленген талаптардың орындалуына және жұмыстарды тексеру рәсімдерінің дұрыс ұйымдастырылуына білім алушылар, авторлар, ғылыми жетекшілер, кафедраның жауапты тұлғалары және тексеруді жүзеге асыратын қызметкерлер жауапты.

7.2 Жұмыстың мазмұнының дұрыстығы, түпнұсқалығы, пайдаланылған деректердің сенімділігі, сондай-ақ академиялық адалдық қағидаттарының сақталуы үшін автор(лар) дербес жауапты.

7.3 Ғылыми жетекшілер мен кафедраның жауапты тұлғалары жұмыстардың уақтылы ұсынылуына, рәсімделу талаптарының сақталуына және тексеруге жіберілуіне жауапты.


7.4 Тексеруді жүзеге асыратын қызметкерлер тексеру нәтижелерінің объективтілігіне, құпиялылықтың сақталуына және қорытындылардың дұрыс рәсімделуіне жауапты.

7.5 Қызметкер жасанды интеллект құралдарын қолдану кезінде алынған нәтижелердің дұрыстығын тексеруді, құпиялылық пен деректерді қорғау талаптарын, академиялық адалдық қағидаттарын сақтауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ аталған технологияларды қолдана отырып дайындалған түпкілікті шешімдер мен материалдар үшін жеке жауапкершілікте болады.


7.6 Жасанды интеллект технологиялары мен цифрлық шешімдерді қолдану тәртібін сақтамау академиялық адалдық қағидаттарына қайшы келетін іс-әрекет ретінде қарастырылады.

8 ТЕХНИКАЛЫҚ ҚОЛДАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ




Техникалық қолдау компьютерлік-тест және баспа орталығының басшысына және антиплагиат жүйесі өкіліне жүктеледі.

ONTUSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA 1976	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 455-2026
Кіріме материалдардың бар-жоғын тексеру тәртібі туралы Ереже		5-ші басылым 12 беттің 11 беті



Әзірлеген:


Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Ғылыми жұмыстар бөлімі меңгерушісі	Сейіл Б.С.	20. 02. 2026	

Тексерген:

Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Ержанов Н.А.	25. 02. 2026	
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасы басшысы	Кабиштаев О.А.	25. 02. 2026	
Қаржы-экономикалық басқармасы басшысы	Баймбетова Д.А.	10. 03. 2026	

Келісілген:

Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
Комплаенс офицер	Пернебаев Н.А.	16. 03. 2026	
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Аукенов Н.Е.	18. 03. 2026	

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA -1979-	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
«ОҚМА» АҚ Ғылыми жұмыстар бөлімі		Е 455-2026
Кіріме материалдардың бар-жоғын тексеру тәртібі туралы Ереже		5-ші басылым 12 беттің 12 беті

А ҚОСЫМШАСЫ

№	Жұмыстың атауы	Құны тексеру/қайта тексеру	
		«ОҚМА» АҚ қызметкерлері мен білім алушыларына	Басқа да тұлғалар үшін
1	Бакалаврлардың дипломдық / курстық жұмыстары	3 000 тг.	5 000 тг.
2	Магистрлік диссертациялар / жобалар	8 000 тг.	12 000 тг.
3	Докторлық диссертациялар	15 000 тг.	25 000 тг.
4	Оқу / ғылыми-әдістемелік басылымдар	4 000 тг.	6 000 тг.
5	Жарияланымдар	2 000 тг.	4 000 тг.